

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Ориентализм ауқымы





Мақсаты: Күш пен мәдениет контексіндегі ориентализм туралы Эдуард Саид тұжырымдарымен танысу; әлемді «өзіміз» және «өзгелер» деп бөлудегі ориентализмнің орнын айқындау; ориенталистік идеялардың өміршеңдігінің себебіне үңілу.

Тірек сөздер: Ориентализм, Шығыс, Батыс, дискурс, отар, отарлау, империя, мәдениет, билік, мәдени ерекшелік, көркем әдебиет.

Бүгін біз палестиналық ғалым Эдвард Саидтың «Ориентализм» атты еңбегін саралауды одан әрі жалғастырамыз. Өткен жолғы дәрісте «ориентализм» терминінің анықтамасына және бұл ұғымның Батыстағы мәніне, қалыптасу барысына, империялық саясаттың аясындағы ориентализм түсінігіне кеңірек тоқталған болатынбыз.

Ендігі кезекте сіздермен бірге Э. Саидтың еңбегіндегі «Ориентализм ауқымы» атты тарауды талдау нысанына аламыз. Бұл тарауда ғалым Ұлыбритания тарапынан отарланған Египет елін мысалға келтіре отырып, білім-ғылым мен мәдениет қалайша саяси экспанцияның қолдаушысына айналатынын нақты дәлелдермен баяндайды.

Білім мен билік

1910 жылдың 13 маусымында деп келтіреді Э. Саид, Артур Джеймс Бальфур «Египеттегі біз ұшырасқан кедергілер туралы» деген тақырыпта Мәжілісте баяндама жасады. Бальфур империялық мүддені қызғыштай қорғаштайтын қайраткер ретінде танылған кісі болатын. Ол ауғандық және зулустық майдандарда, 1882 жылғы Египетке жасалған британдық оккупация барысында, Судандағы генерал Гордонның өлімі барысындағы жағдайда, Фашодтағы оқиғада, Омдурмандағы айқаста, бурлармен соғыста империяның ықпалын барын салып қорғаған. Осының барлығы оның Мәжілістегі сөзінің беделіне бедел қосып тұрды. Сонымен қоса, ол өз сөзіне моралдық, насихаттаушылық бояу қосқысы келді.

Парламенттің кейбір мүшелері бастапқыда жаулап алу пайдалы болғанымен, қазіргі кездегі Египеттегі ұлтшылдықтың артуына байланысты «Египет ішінен Англия» тұрғызудың пайдасыз әрекетке айналып бара жатқандығын алға тартты. Ал парламент мүшесі Жордж Робертсон болса: «Өзіңіз «шығыстықтар» деп айдар таға салған адамдарға жоғарыдан мұрын шүйіріп қарауға қандай құқығыңыз бар?» деп Бальфурға дүрсе қоя берді.

Бұған Бальфур әңгімені кеңінен қозғап жауап қайырды. Әуелі, «шығыстық» (Oriental) терминіне тоқталған ол, бұл терминді кезінде Чосер мен Мандевиль, Шекспир мен Драйден, Поуп пен Байрондар қолданғандығын тілге тиек етті және бұл терминнің географиялық, моралдық және мәдени тұрғыдан Азия мен Шығысты білдіретіндігін де еске салды. Сонымен қоса, ол: «Мен өзгеге жоғарыдан қараудан аулақпын... Біз өзге елдерге қарағанда египеттік өркениетті жақсы білеміз. Біз оның көне тарихын да жақсы білеміз. Бізге Египет жайлы көптеген жайттар белгілі. Оның біздің өз тарихымыздан әлдеқайда терең де ауқымды тарих екенін де білеміз. Біздің тарихымыз қалыптасудың ортан беліне де жақындамағанда, египеттік өркениет шырқау биігіне таяу қалған болатын. Барша шығыс елдеріне назар салыңыз және маған менсінбеушілік пен басынушылық туралы айтпаңыз» деп сөзін аяқтады.

Бальфурдың сөзін талдау барысында Э. Саид, бәкондық тақырыптар болып табылатын білім мен билік ұғымдарын бөле-жарып тоқталуға болатындығын айтады. Ұлыбританияның Египетті жаулап алуын құп көретін Бальфур түсінігінде өзгеге деген үстемдік «біздің» өзге туралы, бұл жерде Египет туралы біліміміз деп ұғынылады. Сонда Бальфур бойынша білім дегеніміз бір өркениетті бастан-аяқ, пайда болғаннан құрдымға кеткенге дейінгі кезеңін толық зерттеу, ал «біз» сол зерттеуді жүргізуге әбден қауқарлымыз. Бұл тұрғыда білім өзіңнен өзгеге қарай ұдайы кеңістігіңді арттыра беру дегенді білдіреді. Бір жағынан бір нысан туралы ақпарат пен білімнің болуы да сол нысанға үстемдік жүргізгенің болып саналады. Сол жағынан алғанда «біздің білгеніміз деңгейіндегі еркіндік оларға жеткілікті, себебі олардың қалай өмір сүретінін біз білеміз» деген біржақты пайым дүниеге келеді. Демек, ағылшындардың Египет туралы білімі Бальфурдың түсінігіндегі Египет болып саналады. Бальфур бұл жерде Англияның Египетке деген үстемдігін мүлде ауызға да алмайды, ол онсыз да болуы керек жайт ретінде қарастырылады.



Одан ары қарай Бальфур өзінің кезекті аргументтеріне көшіп: «Сол ұлы ұлттарды толықтай басқару біздің қолымызда болса, ол соларға жаман ба? Менің ойымша, ол өте жақсы. Меніңше, олардың өз тарихындағы ең үздік басқару кезеңін бастан кешіргендігін де уақыт көрсетеді деп ойлаймын және бұл тек олардың ғана игілігі емес, барша Батыс өркениетінің игілігі болмақ... Біз Египетте тек сол египеттіктер үшін ғана жүргеніміз жоқ, біз барша Еуропаның игілігі үшін жүрміз» деп тұжырымдайды.

Отарланған елдердің азаматтары сол Бальфур айтып отырған «игілік» туралы не ойлайды екен? Ол туралы Бальфур ешқандай дәйек келтірмейді, египеттіктердің өзін сөйлету оның ойына да кіріп шықпайды. Ондайларды Бальфур «бізге кедергі келтіргісі келетін агитаторлар (үгітшілер)» деп санайды.

Этикалық мәселелерді қарастырып болған Бальфур, енді практикалық жайттарға көшеді. Бұл ретте, басқару тетіктерін тілге тиек еткен Бальфур, «діні басқа, нәсілі басқа, мүлде басқа тәртіп пен басқа жағдайда мыңдаған адамдардың арасында» «жанқиярлықпен» қызмет етіп жүрген қаһарман әкімшіл, әміршіл тұлғаларды дәріптей кетеді.

Англия Египет туралы біледі, Египет – сол Англия білетін Египет. Англия оның өзін-өзі басқара алмайтынын да біледі. Ол оны өздерінің жаулап алуымен дәлелдейді. Сөйтіп, шетелдік оккупация сол кезеңдегі Египет өркениетінің негізіне айналады. Египет ағылшындардың жаулап алуына мұқтаж, тіпті соны талап етеді де. Жағдай осындай бола тұра, енді мұны ағылшындардың елде отырған кейбір шенеуніктері қолдамай жатса не болмақ?! Онда «үстемдікке ие нәсілдің беделіне нұқсан келеді», Англияның беделіне нұқсан келеді, себебі бұл «тек бір топ ағылшын билік басындағылар тарапынан бастау алған міндет емес, барша өркениетті әлем мойынға артқан қастерлі жүк». Міне, Бальфурдың білім мен билік туралы тастай логикасы осы.

Бальфур өзінің шешендікке толы сөзінде бірнеше кейіпкерлердің атынан пікір білдіреді. Онда, әлбетте, ағылшындар бар, Египеттегі шенеуніктер және Батыс әлемі бар, сонымен қатар, Бальфур барша өркениетті әлемнің атынан сөйлейді.

Оның шығыс халықтары атынан сөйлеуінің бір себебі, олардың тілін білмеуі деуге болатын шығар. Алайда ол өзі айтқандай, олардың тарихын, әрбірінің жан әлемін өздерінен жақсы білетіндіктен, бұл да қиындық тудырмаса керек еді. Сол тұрғыдан алғанда Бальфур олардың атынан сөйлеу құқығын да алады. Оның оларға ненің жақсы, ненің жаман екенін толықтай білетіндігіне зәредей күмәні жоқ. Өздері кемел нәсіл, ал олар бағынышты нәсіл болғандықтан да Бальфур түсінігі бойынша, оларға ненің қажетті, ненің қажетсіз екендігі «бізге», яғни Еуропаға мәлім.

Бір жағынан Египет тек колония ғана емес, батыстық империалистік идеяны ақтап алушы да болатын. Ағылшындар толықтай билік тізгінін қолына алғанға дейін Египет шығыс әлеміндегі артта қалушылықтың символындай еді. Сол себепті ол ағылшын күші мен білімінің жемісіндей болуы керек еді. Бұл мәселені де Бальфур 1882–1907 жылдарда Египетте Англия тарапынан билік тізгінін ұстаған лорд Кромерді мысалға келтіре отырып, асқан шабытпен былайша баяндайды: «Ол нені бастаса да бірден биіктен көрінді... Лорд Кромердің арқасында Египет қаржылық және моралдық жағынан барша шығыс әлемінің ішінде тұралап жатқан жерінен маңдайы жарқырап, қазіргі қуатты жағдайына дейін көтерілді».

Египеттің моралдық тұрғыдан қалайша дамып кеткені немен өлшенгендігін Бальфур түсіндіріп жатпады. Алайда Бальфур тәріздестердің Египетті «шығыстық қараңғылықтан» алып шығамыз деген өзіндік сенімдері аясында кешенді жұмыстың болғанын жоққа шығара алмайсыз. Миссионерлер, кәсіпкерлер, ғалымдар, әскерлер мен мұғалімдер де бұл миссиядан шет қалмады.

Египет ісі батыстық жалпы теория негізінде жүзеге асты. Бұл жалпы теорияны қарапайым жалпақ тілде былайша түсіндіруге болады дейді Э. Саид: Батыстық адамдар бар, сол тәрізді Шығыстық адамдар бар. Бірі үстемдігін танытады, екіншісі сол үстемдікке мұқтаж. Ол үстемдік әлсіз елдерді жерін жаулап, қатаң бақылауға алу арқылы батыстық державалардың қоржынын молайту дегенді білдіреді.

Шығыс халықтарына қатысты өз түсінігінше шынайы болғысы келетін Бальфурға қарағанда, 25 жыл Египетте, оған дейін Индияда билік жүргізген Кромер олар туралы нақты нәрселерді айтатын. Бальфурдың «Шығыс халықтары» дегені – Кромерде «бағынышты нәсілдер» болатын. Шығыс халықтары жайлы дәл осындай әдейі жасалған, қарапайым, үстірт білім оларды басқаруды жеңіл әрі аса пайдалы іске айналдырды. Білім күш береді, көбірек білім үлкен күш



береді, солай ары қарай жаулаушылардың пайдасына жалғаса береді. Кромер сындылардың түсінігінде осындай жолдармен бағынышты нәсілдерді тұқыртқан үстіне тұқырта беру керек. Ол өз кезегінде басқару тетіктерін жүйелі әрі жеңіл жүргізуге септігін тигізеді. Тұқырту дегенді Э. Саид империялық құдіретті күшті таныту деп түсіндіреді.

Кромер пікірінше, бағынышты нәсілдерді басқарудың тиімді жолы олардың әрбір басқару тетіктерін батыстық жетістіктер тұрғысынан қадағалап отыру. Егер ағылшындар осы қағидатты қатаң сақтап отырса, онда «біз ешқашан тілдік, нәсілдік тұрғыдан жақындықтан пайда болатын ұлтшылдыққа себеп болатын жағдай тудырмаймыз. Мүмкін біз өзара құрметке негізделген космополиттік қатынасты да орнықтырармыз. Ондай жағдайда египеттіктер қайдағы бір Арабидың соңынан еру барысында жеті рет өлшеп, бір рет кесетін болады... Тіпті Орталық Азиядағы бір жабайының өзі британдық шенеуніктің құрметіне еліміздің әнұранын айтатын болады».

Бағынышты нәсілдердің ұсыныстарын «майшаммен қарастырудың» үлгісін египеттік ұлтшылдыққа биіктен қарайтын Кромердің мысалынан айқын көруге болады. Жергілікті мекемелердің қызмет етуі, шетелдік оккупанттардың бақылауынан тыс өмір, толыққанды ұлттық егемендік сынды заңды талаптардың барлығы Кромер тарапынан табанға тапталды. Кромердің пікірінше, «Египеттің шынайы келешегі, оның тар шеңбердегі ұлтсүйгіштік жолында емес, кең шеңбердегі космополиттік жолында» болды.

Шектеулі ориентализм

Ендігі кезекте Э. Саид Кромер мен Бальфурға өткен ғасырлардан мұра болып жеткен батыстық ориентализмнің академиялық және практикалық тұсына тоқталады. Бұл ең алдымен, батыстықтардың шығыс адамының мінезі, мәдениеті, дәстүрі мен тарихы, қоғамдық өмірі мен мүмкіндіктері туралы білімі. Кромерлер Египетті басқаруда осы білімді басшылыққа алды.

Кромер өзінің екі томнан тұратын «Қазіргі Египет» деп аталатын еңбегінде ориенталистік данагөйліктің негізгі канондық тұжырымдарын келтіреді: «Суайттыққа жеңіл ұласатын дәлдіктің жоқтығы – міне, шығыстық сананың басты белгісі... Ежелгі арабтар диалектика ғылымына қол жеткізгенімен, бүгінгі ұрпақтарына жай қисындық ойлау мүмкіндіктерінің өзі жетіспейді. «... Шығыс адамының ақылы да, дәл өздерінің көшелері секілді симметриядан мақұрым. Олардың ақыл ой-тұжырымдары мүлде ебедейсіз» (Кромер). Әрі шығыс адамдарын немесе арабтарды ұшқалақ, «ерік-жігерсіз», сондай-ақ, «шектен тыс жағымпаздыққа», интригаларға, жауыздық пен хайуанаттармен жабайы қатынастарға бейім адамдар ретінде суреттейді.

Кромер өзінің шығыс адамы туралы әлгіндей аргументтерін Шығыс туралы ақпараты бар кез келген шығыстанушы қолдайтынын алға тартады. Сөйтіп, беделді ориенталистер ретінде Эрнест Ренан мен Костантен Вольнға сілтеме жасайды. Осындай әбден санаға сіңген шығыс туралы түсінікке сай келмейтін пікірдің барлығы бұрыс әрі ақиқаттан аулы алыс тұжырым ретінде қабылданды. Сол себепті, Кромер египеттік ұлтшылдыққа «мүлде стандарттан тыс идея» және «экзотикалық өсімдік» деген айдар тақты. Сөйтіп, батыстық қисынды ойлау жүйесі арқылы оларды «жөндеуге» тырысып бақты.

Шынайы әрі ойдан шығарылған айырмашылықтар негізінде адамдар әркез әлемді екі аймаққа бөлуге бейім тұрады. Кромер мен Бальфурдың асқан мақтанышпен қолданған Шығыс пен Батыстың бір-бірінен түбегейлі алшақтығы бірнеше жылдар мен тіпті ғасырлардың жемісі болып табылады.

Батыстық ориентализм

Он сегізінші ғасырдың ортасынан бастап, Шығыс пен Батыстың арақатынасында екі маңызды жайт орын алды. Оның бірі – Еуропадағы Шығыс туралы білімнің күрт артуы. Ғылымның барлық салаларында, әсіресе, салыстырмалы анатомия, филология мен тарихта өзге әлемді тану қарқын алды. Кейіннен бұған аударма мен көркем мәтіндер де қосылды.



Шығыс пен Батыс арақатынасындағы екінші жайт, күштінің әлсізге қатынасының әбден орнығуы. Бұл барлық салаларда, соның ішінде саясат пен мәдениетте, дінде айқын көрініс тапты. Тіпті, сөз арасындағы түрлі эпитеттер мен теңеулерде де шығыс адамы ақылсыз, азғын, бұзық, жеңілтек, әйтеуір, ол «басқаша адам», ал еуропалық болса, қайырымды, ақылды, парасатты, әйтеуір, ол «дұрыс адам».

Аталған екі жайт та бір-бірімен тығыз байланысты. Шығыс жайлы Батыстың ілімі белгілі бір жағдайда шығысты, шығыстық адам мен оның әлемін қалыптастырады. Кромер мен Бальфурдің тілінде шығыс адамы сотталып (бейне бір сот залында) жатқандай, сипатталып, зерттеліп жатқандай (зерттеу алаңындағыдай), тәртіпке салынып жатқандай (бейне бір мектепте не түрмедегідей), көрнекілік ретінде таныстырылып жатқандай (бейне бір зоологиялық анықтамалыққа дайындап жатқандай) суреттеледі. Себебі осы аталған жағдайлардың қайсысында болсын, шығыстық адам әлсіз, пұшайман, тәуелді халде репрезентацияланады.

Мәдениет күші – жай екі сөздің басын құрап баяндай салуға келмейтін құбылыс. Мәселені кешенді тұрғыдан қарастырудағы осы еңбектің де бір мақсаты күш пен мәдениет тоғысындағы ориентализм жайлы пікір алмасу, кешенді талдау жүргізу, ой жүгірту болып саналады. Билік күші мен мәдени кодтар бір мақсатқа жұмылдырылғанда, нендей нәтижелер беретінін саралау. Отарлаушы елдер мен отарланған ұлттардың тарихи санасында әлгіндей жайттардың әсері қаншалықты екендігін ақыл таразысына салып бағу. Келер ұрпаққа шынайы көзқарас қалыптастыру алаңын құру.

Ориентализм институттары мен мазмұнының күрт артуы Еуропадан бастау алған жаппай экспансия кезеңімен тұспа-тұс келді. 1815–1914 жылдар аралығында Еуропаның отарлық иелігіндегі меншігі 35 % пайыздық жер ауқымынан шамамен 85 % пайызға дейін өсті. Бұл тек Африка мен Азия ғана емес, басқа да көптеген құрлықтарға қатысты болды. Ол кезеңде азуын айға білеген британдық және француздық қос империя салтанат құрды. Шығыста, Жерорта теңізі мұхитынан Үнді-Қытайға дейін олардың отарланған меншік аймақтары қатар жатты. Көп жағдайда мұның өзі олардың өзара мүдде қайшылықтарына алып келді.

Отарланған елдердегі отаршылдық үстемдікті бөлумен қатар, Англия мен Франция тек жерлерді ғана бөліп қойған жоқ, сонымен қатар, Э. Саидтың тілімен айтқанда, ориентализмді, яғни интеллектуалды билікті де бөліске салды. Белгілі бір есептен, ориентализм шығыс адамының мінезін, тегін, шежіресін сипаттайтын ақпараттық шежіренің немесе кітапхананың рөлін атқарды. Кезкелген тұрақты идеяның ықпалы іспетті, ориенталистердің де сипаттамалары «шығыс адамдары» деп аталатындарға да, «батыстықтар» деп аталатын еуропалықтарға да қатар ықпал етті.

Он тоғызыншы және жиырмамыншы ғасырлар бедерінде ориентализм идеясы түрлі пішінде көрініс тапты. Ең әуелі, Еуропада өздерінен мұраға қалған Шығыс туралы ауқымды әдебиет өмір сүрді. Он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмамыншы ғасырдың басына (яғни, ориентализмнің заманауи сипат алатын кезеңі) тұспа-тұс келетін кезеңнің басты ерекшелігі сол, дәл сол уақытта Шығыс ренессансы байқала бастайды.

Түрлі топтарға жататын көптеген ойшылдарға, саясаткерлер мен суреткерлерге кенеттен Шығыс туралы басқаша, жаңа түсінік қалыптасқандай көрінді. Бұл жаңалық бір жағынан санскрит, араб тілдерінен қайта аударылған шығыстық мәтіндердің пайда болуымен де байланысты болды. Батысқа Шығыстың сан ғасырлық даналығы мен көркемдік байлығы мүлде басқа қырынан ашылды. Бұл әбден санаға сіңірілген Шығыстан өзге, мүлде жаңа бір Шығыс болып көрінді.

Шығысты қайта танудың да өзіндік тарихи жолы бар еді. Э. Саид Таяу Шығыс пен Батыс қатынасындағы бір өзгерісті 1789 жылғы Наполеонның Египетті жаулауымен байланыстырады. Сол наполеондік оккупациядан соң және әлі күнге дейін Шығыс пен Батыс арасындағы саяси және мәдени байланыстың жүйелілігі сақталып қалған болатын. Наполеондық экспедиция және оның ұжымдық мәдени экспансиясынан соң Египет және өзге де мұсылман елдері батыстың сынақ жүргізетін зертханасына айналды. Сәйкесінше, мұның өзі ориентализмге орасан зор мүмкіндік және материал болды.

Сол кезеңнен бастап, ориенталистер арасында Шығыс жайлы жаңа идеялар ұсыну, жаңа ізденістер мен терминдік бірізділіктер қалыптастыру талпыныстары молайды. Мәселен, Ренанның 1848 жылы баспа бетін көрген, семит тобының тілдері жөніндегі лингвистикалық зерттеулерінің нәтижесі сол кезеңгі заманауи салыстырмалы грамматиканың, салыстырмалы анатомия мен нәсілшілдік теориясының жетістіктеріне сүйене жазылды. Мұның өзі



ориентализмнің беделін арттырып, батыстық ойдың бас көтерер жаңашыл бағыты ретінде танытты. Міне, осылайша, ориентализм өз тарихында империализмнің, позитивизмнің, утопизмнің, тарихилықтың, дарвинизмнің, нәсілшілдіктің, фрейдизмнің, марксизм мен шпенглериянствоның ықпалына ұрынды.

Алайда көптеген жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар тәрізді ориентализмнің де зерттеудегі өз «парадигмалары» болды. Он тоғызыншы ғасыр бедерінде бұл саланың беделі әлдеқайда өсті. Сәйкесінше, Азиялық компания, Патшалық азиялық қауымдастық, Неміс шығыс қауымдастығы, Америка шығыс қауымдастығы секілді ұйымдардың да беделі арта түсті. Бұл ғылыми қауымдастықтардың Еуропадағы беделінің артуымен бірге Шығысты кәсіби тұрғыда зерттейтін мамандардың да көлемі көбейе түсті. Әлбетте, сонымен бірге ориентализм идеясын тарату жолдары да күрт өсті.

Алайда бұл бастамалар мен әрекеттердің барлығы емес, бір азғантай бөлшегі ғана еркін жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды. Себебі ориентализмнің көпшілікке беймәлім үшінші бір қыры Шығыс туралы еркін ойға әу бастан шектеу қойылған болатын-ды. Тіпті, он тоғызыншы ғасырдың қиялдарына қанат біткен Флобер, Нерваль, Скотт сынды суреткер жазушыларының өзінің бұл тақырыпқа келгенде аяқ-қолдары байлаулы еді, яғни аталған шығармашылық тұлғалардың өзі Шығыс туралы не айту, не айтпау керек екенін белгілейтін саяси шеңбердің сыртына шыға алмайтын. Себебі ориентализм әу бастан шындықтың саяси көрінісі еді. Ол әу бастан «біз» (Еуропа, Батыс) бен «олар» (Азия, Шығыс) деген құрылымды қалыптастыруға арналған жүйе болатын-ды.

Ориентализмнің қасиретті кезеңі

Білімді қалыптастырудағы белгілі бір деңгейдегі еркіндік те батысқа тән болатын. Себебі ол салыстырмалы түрде күшті мәдениеттің жаршысы еді. Ориентализмнің біржақтылығы да осыдан келіп шығады. Бұл ретте, Э. Саид ориентализмді әрі тұрақты, әрі адамдыққа қарсы жүйе деп тұжырымдайды. Антигуманды бола тұра, ориентализм қазірдің өзінде мейлінше кең таралғандығын айта кету керек.

Жалған, біржақты ориентализм Батыстың күштілігі мен Шығыстың әлсіздігін білдіреді, себебі ол Батыстың тарапынан қаралады. Дәл сондай күштілік пен дәл сондай әлсіздік ориентализмге де тән. Тіпті, ол екеуінің айырмасы жер мен көктей-міс деп, бүтінді бөлшекке бөлгісі келетін кез келген адамға тән.

Ориентализм дискурсындағы басты мәселенің мәні де осында жатыр. Адамның табиғи өзгешелігін бетке басып, оны мәдени, тарихи, дәстүрі мен нәсілі тұрғысынан екі қарама-қарсылыққа бөліп, сосын ары қарай адами қасиеттерді сақтай отырып, өмір сүруге бола ма? Адами қасиеттерді сақтай өмір сүру дегенде Э. Саид батыс пен шығыс болып бөлінбей, жауласпай өмір сүруді меңзеп отыр. Себебі осылай бөлу арқылы өздерінің жымысқа ниеттерін жүзеге асыру әрекеттері әлі күнге қолданылып келеді.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Э. Саид түсінігіндегі күш пен білімнің арақатынасы андай?
2. Әлемді «біз» және «олар» деп бөлудің ориентализмге қатысы қандай?
3. Ориентализм ұстанымдарының шығармашылық тұлғаларға әсері қалай жүзеге асырылған?

Әдебиеттер:

1. Said Edward. Orientalism. – Pantheon, 1978.
2. Balfour's Arthur James speech to the House of Commons are from Great Britain. – Parliamentary Debates (Commons). – 1910. – 5th ser.



3. Thornton A. P. The Imperial Idea and Its Enemies: A Study in British Power. – London: Macmillan & Co., 1959. – P. 357-60
4. Baring Evelyn, Lord Cromer. Political and Literary Essays, 1908-1913. – N.Y.: Books for Libraries Press, 1969.
5. Judd Denis. Balfour and the British Empire: A Study in Imperial Evolution, 1874-1932. – London: MacMillan & Co, 1968.
6. Raskin Jonah. The Mythology of Imperialism. – New York: Random House, 1971.
7. Kiernan V. G. The Lords of Human Kind: Black Man, Yellow Man, and White Man in an Age of Empire. – Boston: Little, Brown & Co, 1969.